

29.04.2019

## «Ұлт бірлігі – ұлы байлық»

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл бүкіл әлемдік қауымдастыққа нағыз достық пен бірлікті көрсететін халқымыздың ерекше дәстүріне айналған мереке.

Әртүрлі ұлыстар мен ұлт өкілдері біздің қасиетті жерді өз Отаны деп санайды. Өйткені барлық этнос өкілдерінің терезесі тең, мүдде-мақсаты бір. Елімізде олардың еркін еңбек етуіне, кәсіппе айналысуына, ұрпақ өсіруіне барлық жағдай жасалған.

Кітапхананың өнер секторында осы мемлекеттік мереке қарсаңында «Ұлт бірлігі–ұлы байлық» тақырыбында көрме-импульс әзірленді. Көрменің басты мақсаты–сектордағы әдебиет қорымызды насихаттай отыра ел бірлігін, халық достастығын, бейбітшілік пен келісімді сақтауға үлес қосу. Мысалы: халқымыздың тарихы мен өнерін насихаттайтын кітаптар, энциклопедиялық анықтамалар, фотоальбомдар мен мерзімді басымдарда жарияланған деректер. Еліміздің тұңғыш президентіміздің еңбектері қойылып кең көлемде насихатталды.

Барша отандастарымызды мерекемен құттықтай отыра, көрмені тамашалауға шақырамыз!

